

Т.Қ.Сақабай, Р.М.Жұмашев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ә.Н. Бөкейхановтың Қазақстан тарихын зерттеуге қосқан үлесі

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі — Ә.Н.Бөкейхановтың іргелі еңбектері қарастырылды. Авторлар Ә.Бөкейхановтың Қазақстан тарихын зерттеуге қосқан үлесін және оның сол кезеңдегі қазақ халқының өміріндегі тарихи оқиғаларға деген көзқарасын көрсетті.

Кілтті сөздер: Отан тарихы, Ә.Н. Бөкейханов, сандық мәліметтер, ғылыми экспедициялар, Орыс географиялық қоғамы, саяси-әлеуметтік жағдай, ұлт-азаттық қозғалыстар, статистикалық деректер, жер мәселесі, тарихи ескерткіштер.

ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы жан-жақты білімді қазақ интеллигенциясының жарқын, беделді өкілдерінің бірі — Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, жалпы алғанда әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген энциклопедист-ғалым, зерттеуші. Әлихан Нұрмұхамедұлының еңбектерінен қазақ халқының экономикасына, тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты түрлі деректерді, сандық мәліметтерді, кестелерді және тағы басқа көптеген материалдарды кездестіруге болады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметімен бірге оның жазып қалдырған бай ғылыми мұрасын зерттеу Отан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі Ә.Н.Бөкейханов Қазақстан тарихын, мәдениетін, тұрмысын, шаруашылығын, табиғи байлықтарын іргелі түрде зерттеп, негіз салған ғалымдардың бірі болып табылады. Бұған оның ғылыми мұралары дәлел бола алады. Өкінішке орай, қазіргі кезде Әлихан Нұрмұхамедұлы сынды ғұлама ғалымның еңбектерін талдап, тарихи дерек ретіндегі маңызын ашып көрсететін және оның қазақ халқының тарихы үшін мәнін көрсететін зерттеулер жоқтың қасы. Қазіргі кездегі жарияланып жүрген зерттеулердің көпшілігі Ә.Бөкейхановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты зерттеулер. Осыған байланысты осы мақаланы жазудағы мақсат Ә.Бөкейхановтың қазақ тарихына қатысты еңбектеріне тоқтала отырып, оның маңызын және ғалымның тарихшы ретінде қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесін көрсету болып табылады. Ғалымның іргелі еңбектерінің көпшілігі орыс тілінде жарық көруіне байланысты еңбектерінен үзінділерді аудармасыз түпнұсқалық орыс тілінде беруді жөн көрдік.

Әлихан Бөкейханов әр түрлі экспедициялар, ғылыми топтар ішінде жүріп, түрлі бақылауды, сұрауды, есептеуді саралау негізінде көптеген қайнарлар материалдарына сүйеніп алынған тарихи, экономикалық, статистикалық, шаруашылық деректерін қорыту барысында орыс тілінде жазылып, патша өкіметінің басылымдарында шыққан еңбектерінде қазақтың атамекені, меншікті жерлері, олардың бірте-бірте отарланып, түрлі айла-тәсілдермен мұжықтарға, көпестерге, шенеуніктерге тартып әперілуін дәлелдермен көрсетіп берген болатын.

Әлихан Нұрмұхамедұлының ғылыми шығармашылығы бір ғылым саласымен шектеліп қана қойған жоқ. 1896 жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшесі бола отырып, ол қазақ өлкесі тарихын зерттеу бойынша жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы жұмыстарының нәтижесі ретінде оның «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты монографиясын атауға болады. Алғашқы ұжымдық монография 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» деген көптомдық альманахтың «Киргизский край» деген 17 томына еніп, Санкт-Петербургтан жарыққа шықты. Еңбекті Ә.Бөкейханов Орыс географиялық қоғамының мүшелері А.Н.Сидельников және С.Д.Чадовпен бірлесе отырып жазған және бүгінгі күнге дейін Қазақстан тарихы бойынша таңдаулы, үздік еңбектерінің бірі болып табылады. Монографияда Қазақстан аумағында орналасқан археологиялық ескерткіштердің толық сипаттамасы, өлкені ежелден бері мекендеген түрлі халықтардың өмірі, тұрмысы мен шаруашылық түрлеріне сипаттама берілген. Археологиялық қазба жұмыстарының мәліметтеріне, өзі жүргізген зерттеулерге сүйене отырып, ол өлкедегі бұрын өмір сүрген тайпалар жайлы айта келіп, табылған археологиялық ескерткіштердің соларға тән екендігіне тоқталады. Автор грек, қытай, ұйғыр деректеріне сүйене отырып, қазақ жерінде өмір сүрген ғұн, үйсін, арғын, найман,

керей, алшын тайпаларының тарихына шолу жасап, олардың пайда болуының хронологиялық бірізділігін сипаттайды, монғол, қалмақ шапқыншылығы, Қазақ хандығының құрылуын, өлкені орыстардың отарлау кезеңдерін ерекше тұжырымдармен баяндайды. Онда қазақ ұлты мен мемлекеттілігінің қалыптасуының негізі болған тайпалардың тарих сахнасына шығуы анағұрлым толық түрде талданған: «В половине XV в. на развалинах упомянутых улусов выступили на историческую сцену в виде самостоятельной политической силы тюркские племена, впоследствии вошедшие в степные области под именем киргизов» [1; 48], — дей отырып, авторлар қазақ тайпаларының тарихи дамуы жөніндегі ойларын былай жалғастырады: «После смерти Абулхайра в 3 четверти XV в. в его улусе усилились среди чингизидов обычные усобицы за власть. Кочевникам, тяготившимся всегда враждою своих властителей, стало невмоготу оставаться в Узбекской Орде. Большая часть кипчаков присоединилась к союзу киргиз-казахов, увеличив число их до 200 000. При сыне Джанибека Касым хане (умершем в 1 четверти XVI в.) союз киргиз-казахов, принявший к себе кочевые народы восточной половины джагатайского улуса, насчитывал более миллиона населения. Касым хан, объединив весь киргизский народ, располагал огромной военной силой. К счастью своих подданных, этот последний из могучих ханов не принадлежал к числу обычных завоевателей Азии и стяжал любовь своего народа миролюбивой политикой. Касым хан, уклоняясь от предложения воевать, говорил, «что казахи, как народ кочевой, должны думать о зимовках, а не о войне». За свое миролюбие Касым хан пользовался необычайной популярностью в народе. После смерти Касым хана союз киргиз-казахов раздробился: всякий из султанов старался захватить власть и усобицы среди них способствовали распаду союза киргиз-казахов. Спустя 200 лет после смерти объединителя казахов Касым хана, его народ снова появился на исторической сцене в виде 3-х полных союзов, известных под именами: старшей, средней и младшей орд» [1; 48]. Әрине, бұл айтылғандар бүгінде ғылыми айналымда жиі қолданылуда. Әрі қарай авторлардың бірі, Әлихан Нұрмұхамедұлы болуы мүмкін қазақтың үш жүзінің мағынасына былай деп түсінік беріп кетеді: «Ходячие названия орд большая и малая совершенно неправильно характеризуют орды, неверно передавая и смысл киргизских слов; *улы* — старший, древний, а не большой в смысле количества, *кии* — значит не малая (в смысле количества), а младшая...» [1; 49]. Осылайша «ұлы жүз», «орта жүз», «кіші жүз» ұғымдарына анықтама береді. Сонымен қатар бұл еңбекте XVIII ғ. бірінші жартысында басталып XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін созылған қазақ жүздерінің Ресей патшалығының қол астына кіруі сияқты тарихи оқиғалар да зерттеушінің назарынан тыс қалмаған. Авторлардың пікірінше, «еркін түрде» қоныс аударумен басталған Қазақстанды отарлау кейін үлкен жоспарлы қоныстандыру саясатына айналды дейді. Осы қоныстандыру саясатының түрлі кезеңдері, өлкедегі ағарту, баспа, білім беру, алғашқы оқу орындары, оған тартылған оқушылар саны туралы деректер келтірілген. Әрі қарай өлке өміріндегі тарихи оқиғалар хронологиялық тәртіпте берілген.

Қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайы, тұрмыс салты, мәдениеті, отаршылдықтың зардаптары, білім мәселесі Ә.Бөкейхановтың 1910 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Киргизы» атты еңбегінде баяндалады. Ол «Формы национального движения в современных государствах» деп аталатын жинақпен басылып шықты. Еңбекте демографиялық, статистикалық мәліметтер басым. 1985 жылы бұл еңбекті Оксфорд университетінің Орта Азияны зерттеу қоғамы «Казахи о русских до 1917 года» деген атпен қайта басып шығарды. Шетелдік ғалымдардың бұл еңбекке деген қызығушылықтары тегін емес. Еңбекте қазақ этносының шығуы туралы, қазақ халқының саны, шаруашылығының толық сипаттамасы, далалық өлкенің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірі туралы сараптамалық ақпараттар беріледі.

Ә.Бөкейхановтың осы айтылып отырған еңбегінде қазақтардағы жерді пайдалану тәртібі жөнінде кеңінен жазып, ғылыми тілде айналымға енгізген «қыстау», «жайлау», «күзеу», «шаңырақ меншігі» және т.б. қазақша ұғымдарға анықтама беріп, экономикалық категорияларға жіктейді. Ол туралы: «Барлық қырғыздар жылына 8–10 ай бойы бір орында отырып тіршілік етеді. Қырғыздардың мекені «қыстау» деп аталады, бұл «қыс» — зима, «тау» — горы сөздерінен алынған. Бұрынғы уақытта «қырғыздар» қыста киіз үйлерде қыстап шыққанда, олар қысқы уақыт үшін таулы жерлерден ықтасын болатын орын таңдаған, осыдан олардың қоныстары қыстау аталған.... Қыстаудың мөлшері уездің табиғи тарихи жағдайларына тәуелді, оның көлемі жайылым мен топырақ өнімділігіне байланысты. Қай жерде шөп шабудан мол өнім алу мүмкіндігі болса, соғұрлым малға азық көлемі дайындалады да, қыстау көлемі өседі. Қырғыз «қыстауы» шаруа селолық қауымы тәрізді қарапайым жер бірлігін көрсетеді... пайдалануында болыстардағы «қыстаудың» мұндай тобы статистикалық әдебиетте «қауымдық-ауылдық» деп аталады, яғни, «қыстау» мағынасында қырғыз тұрмыстарындағы жер бірлігін көрсетеді», — деп баяндайды [2; 68,69].

Әлихан Нұрмұхамедұлы XIX–XX ғасырдың басындағы өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдай отырып, былай деп жазады: «Қырғыздардың ішкі тұрмысына көше отырып, соңғылардың қазіргі шаруашылық өмірі, үнемі тұрақтайтын орнын ауыстырып жүретін және өздерінің табындарымен жердегі азық пен жақсы суат табу үшін көшіп жүретін жартылай жабайы көшпелінің примитивті экономикасының қарапайым түріне төселмейтіндігін көрсету қажет. Қазақтарды үнемі көшіп жүретін халық ретінде көрсететін ескі көзқарас анахронизм болып табылады» [2; 67, 68]. Бұдан Әлихан Нұрмұхамедұлының қазақтардың экономикалық, мәдени жағынан болсын артта қалды деген тұжырымдардың қате екендігін айтқысы келгендігін оңай аңғаруға болады. Қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық түрі қазақтар үшін оңтайлы шаруашылық түрі болып табылатындығын айтып, Ә.Бөкейханов қазақтарды бірден түпкілікті отырықшы етуге қарсы болған, ол бірітіндеп олардың ежелден келе жатқан шаруашылық түріне қиянат жасамай шаруашылық түрін өзгертуге өз ұсыныстарын жасайды. Әлихан Нұрмұхамедұлы барлық өркениетті қоғамның отырықшылыққа жедел қарқынмен емес, бірітіндеп эволюциялық жолмен, қалыптасқан шаруашылықты бұзбай келгендігін атап кетеді. Осы «Қырғыздар» атты еңбегінен Ә.Бөкейхановтың шаруашылықтың бір түрінен екінші түріне жедел өтудің күрделілігі туралы пікірін дәлелдейтін көзқарасын көреміз. «Міне, эволюция жолының шабаны, жер жүзінде қанша отырған мәдени халық осы ғұмырды шабан жолмен отырықшы болған. Бұл шабан жол қағазға жазылып, 15-тен жер белгілеп алғанға бұзылмайды. Мал бағып, шаруа қылып отырған халық қағазбен 15-тен жер бергенге егінші болып кетпейді» [3], — дейді. Ә.Бөкейхановтың пікірі бойынша, қазақ халқына қатысты мемлекет саясаты олардың шаруашылығын бұзуға емес, оны жайғастыруға бағытталуы керек. Тек осындай жағдайда ғана қазақтарды бірітіндеп отырықшы ету мүмкін болады. «Мемлекет қазақты өзінің балаларының бірі қылса, қазақты осы тұрғыдан шаруаларын бұзбай орналастырар еді. Сонда қазақтар неше жылда эволюция жолымен бірте-бірте отырықшы болар еді. Шаруасы мал бағу болса, 15-тен жер алғанмен отырықшы мәдениетке көше алмайды», — деген тұжырым жасайды [3]. Осы мәселені талдай отырып, Ә.Бөкейханов мәдени эволюция бүкіл адамзат дамуының жалғыз сенімді жолы болып табылатындығын көрсетеді.

Бұл көзқарас жай ғана саяси конъюнктураға емес, терең ғылыми тұрғыда әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі ретіндегі қазақ қоғамының дамуына негізделген. Бұның бәрінен Әлихан Нұрмұхамедұлы ғалым ретінде қоғамдағы өзекті мәселелердің бірін ғаламдық деңгейде талдап, оны шешудің жолын іздестіргенін көруге болады. Барлық әлемдік өркениеттерге тән даму заңдылықтары сөзсіз болуы керек және оны нақты тарихи көзқарас тұрғысынан ескеру керек. Осы ғылыми ақиқатты саналы түрде түсінбеу бірнеше рет қазақ тарихындағы қайғылы оқиғаларға алып келді. Бұған куә ретінде Отан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен мысал келтіруге болады. Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму ерекшеліктері ескерілместен, өлкеде «революциялық қайта құрулар» жүргізілді. Мысалы, атап айтсақ, «индустриаландыру», «ұжымдастыру» кезеңдерін ерекше атап өтуге болады. Осы өзгерістердің салдарынан қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасып келген, дәстүрлі шаруашылығы бұзылды. Міне, қазақ халқын күштеп отырықшы ету осындай жағымсыз құбылыстарға алып келетіндігін Әлихан Нұрмұхамедұлы сол кезеңде жақсы түсініп, өзінің еңбектерінде мәселенің шешімдерін көрсетті.

Қазақстанға қатысты патша үкіметінің жүргізген саясатына баға бере отырып, ғалым өз еңбегінде олардың «орыстандыру» саясатын көздегенін, өлкені өзінің саяси-экономикалық институттарының шеңберіне тарту мақсатын жүзеге асырғысы келетіндігін көрсетеді. Бұны орыс шенеуніктерінің қазақтарды құқықтық, тілдік және мәдени жағынан кемсітуінен айқын аңғаруға болады. Бұлардың барлығы халықтың наразылығын туғызбай қоймады. Осыған байланысты Әлихан Нұрмұхамедұлы «Қырғыздар» еңбегінде: «Кто знает классическое миролюбие киргизского народа, тот поймет, как сильно должно быть угнетение киргиза, чтобы этот покорный раб решился на открытый протест в такой резкой форме» [2; 71], — деп жазады.

Ә.Бөкейханов XX ғасырдың басында қазақ даласында саяси өмірдің жанданғанын, саяси партиялардың өз халқының мүддесін ресми түрде қорғай алуға мүмкіндіктері болса да, олардың құрылған кездегі күйде қалғандығын атап өтеді. «Болашақта қазақ даласында екі саяси партия екі саяси бағытқа сәйкес қоса құрылуы мүмкін. Оның біріншісі ұлттық-діни ағымдағы, екіншісі батыстық ағымды ұстанады», — деп жазады [2; 77]. Сонымен қатар ол 1905 жылдан кейін қазақ ұлттық қозғалыс саяси сипат ала бастағанын және панисламистік және жаңашыл либералдық екі бағыттың пайда болғаны жайлы айтады. Әлихан Нұрмұхамедұлы мен серіктерінің осы соңғы либералдық бағытты ұстанатындығын байқаймыз. Олар батыс өркениетінің жеткен жетістіктерін саналы түрде ұлттық өзіндік ерекшеліктерді сақтай отырып, игеруге ұмтылған және өз мақсаттарына

жетуде саяси өмірге белсене араласу арқылы ресми әдістермен жететіндіктерін баяндайды. Бірақ 1907 жылдың 3 маусымында шыққан Заң қазақ халқын өлкенің саяси өміріне араласу мүмкіндігінен айырды. Ол туралы Ә.Бөкейханов өз еңбегінде: «Үкімет, Мемлекеттік думада жерлерін күштеп тартып алған халық өкілдерінің болуын артық болады деп есептеген болар», — деп жазады [2; 77]. Осы сөздермен ол өзінің «Қырғыздар» атты еңбегін аяқтайды. Ә.Н.Бөкейхановтың еңбегі — нақты шаруашылық қатынастарды зерттеуден туған ғылыми қорытындылар. Ә.Бөкейхановтың «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» және «Киргизы» атты еңбектің іргелі, кешенді тарихи-ғылыми еңбек ретінде маңызы өте зор.

Әлихан Нұрмұхамедұлы сонымен қатар қазақ мемлекетінің пайда болуының кезеңдерін, даму заңдылықтарын зерттеумен бірге қазақ жүздерінің Ресей қол астына енуінің себептеріне көңіл бөлгендігін байқаймыз. Бұған ғалымның түрлі ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалары атап айтатын болсақ, «Из переписки хана Средней Киргизской орды Букея и его потомков», «Из бумаг султана Большой Киргизской Орды Сюка Аблайханова», «Из переписки киргизских ханов, султанов и пр.» куә бола алады [4]. Бұлар ғалымның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде туындаған тарихи құжаттар. Туған өлке тарихының мәселелері Ә.Бөкейхановты тарихшы-ғалым ретінде қызықтырып қоймай, сонымен қатар сол кездегі болып жатқан өзгерістерді өткенмен салыстыра отырып, мемлекеттік саяси қайраткер ретінде түсінуге ұмтылған.

Ә.Бөкейхановтың назарынан қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар да тыс қалмаған. Ә.Бөкейханов ХХ ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың көшбасшысы ретінде Кенесары Қасымовтың тұлғасына, оның жетекшілігімен болған қозғалысқа үлкен қызығушылық танытты. К.Қасымовты ұлт-азаттық қозғалыстың негізін салушы ретінде құрметтеп, өзіне үлгі тұтқан. Оны қарулы көтеріліс арқылы қазақ халқына тәуелсіздікті қайтарғысы келген тұлға, күрескер ретінде дәріптейді. Кенесары қозғалысына ғалым өзінің «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты еңбегінде: «Өздерінің орыс үкіметіне тәуелді екендіктерін мойындаған қазақтар, бұл жағдайға бірден мойынсұнбады, тіпті өздерінің тәуелсіздіктерін қайтарғысы келді, бірақ бұл ұмтылыстары сәтсіздікке ұшырады» деп қысқаша тоқталып өтеді [2; 49]. Алайда сол кездері патша цензурасынан қысым көрген ғалым көтерілістің мақсатын, жеңілу себептерін ашық көрсете алмайды. Бұл туралы ол тек 1923 жылы жарыққа шыққан «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» [5] атты кітабында қайта тоқталады. Осы еңбектің алғысөзінде автор Кенесары Қасымовтың тұлғасы тарихшылардың назарынан тыс қалғандығын атап өтеді. Бұл еңбекте ғалымның алдына қойған мақсаты Кенесары ханның соңғы жорықтары жөніндегі мәліметтермен бөлісу және оқырмандарға оқиғаның ішінде болған қырғыз Қалиғұл Әлібековтың аузынан жазып алынған деректерді ұсыну болып табылады. Бұл еңбектің қазақ тарихы үшін құндылығы сөзсіз, Әлихан Нұрмұхамедұлы ғалым-тарихшы ретінде осы ұлт-азаттық қозғалысқа шынайы баға береді.

Ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы ретінде ол қазақ даласында болған 1916 жылғы көтерілістің маңызына тоқталмай кетпейді. Ресей тарихшысы Шестаковпен 1926 жылы «1916–1926» атты еңбекті жазды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қазақ халқына әкелген ауыртпалығын «1916-ыншы жылы патша сансыз жігітті соғыста өлтірді, қолы-аяғы жоқ, ақылдан адасқан мешел де мүгедек қылды, елдің шаруасы ойрандалды, соғыста ерлер өліп, елде шаруа күйзелді, жетім бала, жесір қатын, шал-кемпір көзінің жасы көл болып, жұртта қалған ботадай боздады. Ет, нан тапшыланды, жұттағыдай жоғалды», — деп сипаттайды [6; 84]. Бұдан әрі қазақ әскерге қара жұмысқа адам аламыз деген патшаның 25 маусымдағы Жарлығы халықтың ашу-ызасын тудырғандығын айтып өтеді. Ол туралы «қазақ-қырғызбен бірге өзбек, түрік пен тәжіктер де бас көтереді... Қазақ-қырғыздың патша үкіметіне қарсы соғысы жерін тартып алғаннан, қара жұмысқа аламынан шығады. Патша үшін, орыстың ақсүйегі, төресі үшін қазақ-қырғыз бір тамшы қанын да қиғысы келмейді, жерін алған, өзін соғысқа айдаған патшаны иттің етінен қазақ-қырғыз жек көреді, бүйтіп қор болғанша, өзінің жағасынан алып өлейік дейді... Қазақ-қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де келешекте қандай ел екенін білдіреді. 1905-ші жылғы Мәскеудегі жұмысшы көтерілісі де жұмысшыны көп шығындатқан. Осы көтеріліс келешекке үлгі болды. Қазақтың 1916-шы жылғы көтерілісін де осылай ұғыну керек... Қазақ-қырғыз, өзбек, тәжік, өзге елдің патша өкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады» [6; 86] деп қазақ көтерілісінің Ресей империясы қол астындағы басқа да халықтардың бас көтеруіне себеп болғандығын назар аударады және осы көтерілістің 1917 жылы патшаны тақтан құлатуда ерекше роль атқарғанын атап өтеді. Сонымен қатар Әлихан Нұрмұхамедұлы көтерілістің таптық сипатта емес, отаршылдарға қарсы ұлт-азаттық бағытын атап көрсетеді. Қарусыз халықты басып-жаншыған патша әскерінің қиянаттық іс-әрекетін «қарусыз елді қойдай айдап, жердей таптап, жаудай тонайды. Патша әскері немістен гөрі қарусыз қазақ-

қырғызбен соғысқанды сүйеді. Қазақ жерінде соғыс бітіп қалса, өздерін сол күні неміске қарсы айдайтынды біледі де, қазақ елінде момын елді шауып, соғысып жатырмыз деп жүре береді» [6, 85] деп әшкерлеп, сынайды. Еңбектің соңында Ә.Бөкейханов: «Қазақ-қырғыздың көтерілісін орыстың төрелері қазақ-қырғыздың жерін алуға әдейлеп жасады деген пікір — адасқан. Қазақ-қырғыздың жерін алған соң, өзін қара жұмысқа тізген соң,... қарсы тұрып көтеріліп соғыс ашқан. Қазақ-қырғыздың көтерілісі — қалың елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана дария толқиды» [6; 87] — деп 1916 жылғы көтеріліске өз бағасын береді.

Енді Ә.Бөкейхановтың Ф.А.Щербина экспедициясы құрамындағы қызметін қарастырсақ, оның қазақ зиялысы, қоғам қайраткері, ғалым ретіндегі сан қырының осы істе таныта білгендігіне көзіміз жетеді. Экспедицияның мақсаты ХІХ ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап Ресей үкіметінің қоныстандыру саясатының объектісіне айналған қазақ даласын жан-жақты зерттеп, қазақ шаруаларының үйді-үй, жайлау мен қыстауларын, егіндік, шабынды жерлерінің көлемін анықтау, қазақтың жер-суын, орман-тоғайын, шөл даласын есепке алып, тізімін жасау болды. Ә.Бөкейханов «Щербина экспедициясының» Семей облысына қарасты Павлодар, Қарқаралы, Семей уездері мен Ақмола облысының Омбы уезінде жүргізілген жұмыстарға тікелей араласып, алуан түрлі құнды материалдарды жинақтап, үйді-үйлердің, қара малдардың санын есепке алады да, жиналған бай материалдарды іріктеп, өңдеп ғылыми қорытынды жазуға ат салысады, ғылыми есеп кестелерін жасайды, жер-су карталарын сызады. Қазақтың шаруашылығына, егіндік-шабындықтарына, қыстау-жайлауына ғылыми тұрғыдан сипаттамалар беріп, ғылыми жұмыстарға көңіл бөледі. Ғылыми экспедицияларға шығу нәтижесінде жазылған еңбектерінің ішінде Қарқаралы, Павлодар уездеріне арналған зерттеулер қазақ руларының шығу тегін, ежелгі аңыз-әңгімелерді қамтитын бағалы материалдарымен ерекшеленеді. Осы зерттеулер арқылы Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақ халқының өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері мол мәдениетін, тұрмыс-салтын әдет-ғұрпын, наным-сенімдерін, өнерін зерттеп жазып, едәуір мұра қалдырды. Қазақ ұлтының жүздік, рулық-тайпалық құрылымын зерттеген, қазақтың тұңғыш ғалымдардың бірі болып табылады.

Ә.Бөкейхановтың «Список обам на реке Слеты в Коржункульской волости Акмолинского уезда» [7] атты ғылыми басылымынан ғалымның Қазақстан аумағындағы тарихи ескерткіштерге, балбал тастарға қызығушылық танытқанын көреміз. Бұл ескерткіштерге ол Щербина экспедициясының құрамында жүріп зерттеу жүргізген. Бұл еңбекте ғалым обалардың орналасқан жерін көрсетіп, оларға толық сипаттама береді.

Ғалымның тоқталмай кетуге болмайтын тағы бір еңбегі — «Қара қыпшақ Қобыланды» әдебиетін зерттеуі. Бұл халық ауыз әдебиетінің нұсқасын Ә.Бөкейханов тарихи шынайылық тұрғысынан қарастырғандықтан, белгілі бір тарихи қызығушылық тудырады. Бірақ ғалым бұл жырдың тарихи шынайылығына былай деп: «Жоғарыда жазғанымнан анық болар. «Қобыландыда» ақын қосқан тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыландыда» аз көрінеді», — тұжырым жасайды [8].

Қазақ жерлерін тартып алу фактілерін «Ақмола облысындағы қоныс аударып келгендердің жерлері» («Переселенческие надельы в Акмолинской области»), «Қазақтар Дала генерал-губернаторының мәжілісінде» («Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора») атты мақалаларында дәлеледеп көрсетеді.

Ал, қазақ, орыс тілдерінде жазылған, мерзімді баспасөзде, әсіресе «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларының идеялары, ой-толғамы, стилі бөлек. Онда автор өткен уақыт емес, өз заманындағы көкейкесті мәселелерді талдап, түрлі ағымдарға баға береді, өзі тоқтаған тұжырымды ортаға салады.

Ә.Бөкейханов ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі кез келген мәселені ерекше қоя білген. Ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарайды. Қазақ халқының түрлі тарихи кезеңдеріне талдау жасайды. Ғалымның еңбектерінде қарастырылатын патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, ұлт-азаттық қозғалыс тарихы және қазақ тарихындағы тағы басқа өзекті мәселелер бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ.

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі отаршылдық, қанау кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруаға қырсыздық сияқты кесепат мінездерді сынап, ел тағдыры үшін ең маңызды нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі — жерге иелік екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалаларды жарыққа шығарады.

Сөйтіп, ғасыр басындағы қазақ халқының өмірі мен қызметінің сан алуан қыры Ә.Н.Бөкейхановтың назарынан тыс қалмады деп айтуға болады. Оның сол кездегі қоғам өмірінде орын алған мәселелердің барлығына қалам тартқандығын көруге болады. Сонымен қатар XX ғасыр басындағы қазақ тарихы туралы ғылыми жұмыстарды жазуда Ә.Бөкейхановтың еңбектерін пайдаланбай жазу мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сидельников А.Н., Букейханов А.Н., Чадов С.Д. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 477 с.
- 2 Букейханов А. Киргизы // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 477 с.
- 3 Қыр баласы. Жауап хат // Қазақ. — 1914. — № 51. — 10-б.
- 4 Сеитов Э.Т. А.Н.Букейхан как историк и общественно-политический деятель: Дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1996. — С. 150.
- 5 Букейханов А. Материалы к истории султана Кенесары Касымова // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 477 с.
- 6 Бөкейханов Ә. 1916–1926 (25 июнь) // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 477 с.
- 7 Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 193-б.
- 8 Бөкейханов Ә. Қара қыпшақ Қобыланды (сын) // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 313-б.

Т.Сакабай, Р.М.Жумашев

Вклад А.Н. Букейханова в исследование истории Казахстана

В статье рассматриваются фундаментальные труды А.Н.Букейханова — представителя казахской интеллигенции начала XX в. Автор исследует труды ученого, показывает его вклад в изучение истории Казахстана, его взгляды на исторические события в жизни казахского народа.

T.Sakabay, R.M.Zhumashev

Role of A.N. Bokeykhanov in research of Kazakhstan history

In given article it is considered fundamental works of the representative of the Kazakh intelligency in the beginning of the XX-th century of A.N.Bukejhanov. The author considering A.Bukejhanov's works shows its contribution studying of history of Kazakhstan. In article values of its works in studying of history of Kazakhstan and its sights at historical events in a life of the Kazakh people are shown.